

## Педагогикалық кеңес хаттамасы №1

Күні: 29.08.2025ж

Қатысқандар саны: 3

Қатыспағандар саны: 0

**Тақырыбы:** «Жаңа бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны»

**Мақсаты:** Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру

### Күн тәртібінде:

1. Өткен оқу жылын сараптау, жаңа оқу жылына даярлық.
2. 2025 -2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа оқу жылының міндеттемлерімен танысу, бекіту және жаңа бағдарламаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар, үлгілік оқу жоспары туралы толық түсіндіру.
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу
4. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша жас мамандарға түсінік беру. Бастапқы бақылау (1 -20 қыркүйек)
5. Педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау.

### Тыңдалды:

**1. Бірінші мәселе бойынша** әдіскер өткен оқу жылында балабақшаның оқу тәрбие жұмыстары Мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізілгенін жеткізді. Балалардың жас ерекшелігіне қарай білім, білік дағды деңгейлері тексерілді. Көпшілігі жоспарланған нәтижелерге жетті. Мектепалды топтары диагностика көрсеткіші бойынша танымдық қабілеттері мен сөйлеу мәдениетінде оң көрсеткіш көрсетті. Ата-аналар мен байланыс түрлі форматта жүргізілді. Ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері, отбасылық жарыстарға қатысты. Тәрбиешілер шығармашылықпен айналысып түрлі ертеңгіліктер ұйымдастырды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекетте балалардың меңгерген білім деңгейлері көрінді. Тәрбиешілер пед кеңес, әдістемелік кеңес, семинар барысында көптеген пікір алып өз шығармашылығында пайдалана алды. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары бойынша меңгеруші Есеналиева А сөз сөйледі. Ең алдымен жаз бойы топ бөлмелері санитарлық талаптарға сай жөндеу жұмыстары жүргізілгенін жеткізді. Керекті құрал жабдықтар, ойыншықтар, әдістемелік жинақтар жаңартылғанын айтты. Жылдық

жұмыстар бойынша талдау жүргізілді. Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында курстарға қатыстыру жоспарланды.

**2. Екінші мәселе бойынша** әдіскер 2025-2026 оқу жылындағы өзгерістер мен үлгілік оқу жоспары туралы толық түсіндіру жұмысын жүргізді.

1.Стандартта Сөйлеуді дамыту Тіл дамыту болып өзгертілген.

2.Сөйлеуді дамыту және Көркем әдебиет болып біріктірілген (Ерте жас, кіші топ, орта топ,ересек топтарда)

3.Дене шынықтыру-дене тәрбиесі

4.Қоршаған орта-Қоршаған әлем етіп ауыстырылды

5.Қабылдау, таңғы жаттығу, Серуенге дайындық, серуен үйге қайту, ұйқы ашар бөлімдерін аптаға бөлмей тұтас жазуға болатындығы

6. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету (яғни бастауышпен сабақтастықты күшейту)

7.ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижесі қарастырылады.

8.Жеке картада критерийлер бойынша орташа және төмен деңгей көрсеткен балалармен дамыту және/немесе түзету шаралары жазылады. Критерийлер бойынша жоғары деңгей көрсеткен балаларға Жеке карта толтырылмайды.(балабақшада)

9.Оқу жылының соңында Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге сәйкес Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру деңгейінің қорытынды мониторингін ескере отырып, барлық жас топтары мен мектепалды сыныптарының педагогтері Ұлттық білім беру деректер қорына (ҰББДК) іске асырылған Жеке картаны толтырады

10.Біртұтас тәрбие-Адал азамат біртұтас тәрбие болып атауы өзгертілді.

Әдістемелік материалдарды басшылыққа алу ұсынылады:

- «Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру»

-Мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

-Мектеп жасына дейінгі балаларда энергия үнемдеу мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

-Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардағы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру бойынша әдістемелік құрал

-«Адалдық әліппесі» мектеп жасына дейінгі балаларда құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағын басшылыққа алу ұсынылады

-Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру Үлгілік бағдарламаның мазмұнында қарастырылған (демек осы әдістемелік ұсынымдармен жұмыстар атқарамыз және циклограммаға енгіземіз.

МДҰ-да атап өту үшін ұсынылатын мерекелер:

- Қазақстан халқы тілдері күні (5 қыркүйек);
- Республика күні (25 қазан);
- Жаңа жыл;
- Халықаралық әйелдер күні (8 наурыз);
- Наурыз мейрамы (21-23 наурыз);
- Қазақстан халқының бірлігі мерекесі (1 мамыр);
- Отан қорғаушы күні (7 мамыр);
- Халықаралық балаларды қорғау күні (1маусым).

Тәрбиешілерінің назарына! (!кеңес)

1)Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу кезінде педагог міндетті қысқаша және нақты түсіндіруі, балалардың әрекеттерді орындауына (іс-әрекеттерге, ойындарға, пікір алмасуға, зерттеулерге, шығармаларға, сурет салуға, шешім шығаруына) уақытты көп бөлуі қажет.

2)**Педагог әрекетінің алгоритмі:**

- 1) - балаларға айтып беру;
- 2) - балаларға көрсету;
- 3) - балалармен бірге орындау.

3. **Үшінші сұрақ бойынша** кадрларды топтар бойынша бөлу меңгеруші көтерді. Тәрбиешілерді жылдық еңбек өтіліміне қарай топтарға бөлгенін айтты. Әр тәрбиешіге топтың тазалығына, құжатына, ата-аналары мен балаларының тәрбиесі мен өміріне жауапкершілікпен қарауды тапсырды

**4. Төртінші мәселе бойынша бойынша** әдіскер тәрбиешілерге мониторинг туралы айтып өтті. Жылына үш рет жасалатын мониторингте баланың білім деңгейі анықталатыны және оны Excel форматта толтырылатыны түсіндірілді. Әр сұрақты мұқият оқып бала қандай деңгейде жауап бере алатынын анықтап бес дағды бойынша орташа көрсеткіштерін шығаратыны түсіндірілді. Мониторинг жылдың басында, ортасында және жылдың аяғында жүргізіледі.

Бастапқы 1-10 қыркүйекте

Аралық 10-20 қаңтарда

Қорытынды 15-25 мамыр

Аралығында жүргізілетінін түсіндіріп айтты. Алдағы уақытта толтыратын монитоингтарын тәрбиешілерге таратып берді. Сонымен қатар жеке даму карталары қалай толтырылатыныда түсіндірілді.

5. **Бесінші сұрақ бойынша** педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау ұсынылды. Барлық педагогтар мен ақылдаса келе менгеруші Есеналиева А бір ауыздан сайлады.

**Педагогикалық кеңестің шешімі:**

1. Жаңа оқу жылына дайындық қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай жұмыс жыл бойы дұрыс ұйымдастырылсын.
3. Топтар бойынша бөлінген тәрбиешілер топ балалары және ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болсын.
4. Топтар арасында бастапқы мониторинг 1-қыркүйек пен 10-қыркүйек арасында толтырылып әдіскерге тапсырылсын.
5. Хатшы бір ауыздан сайлансын.

**Педагогикалық кеңес төрайымы:**

Есеналиева А.С

**Педагогикалық кеңес хатшысы:**

Есеналиева А.С